

ӨНДІРІСТІК - ӘКІМШІЛІК ЖИНАЛЫСТЫҢ
ХАТТАМАСЫ №1

Күні: 02.09.2024ж

Қатысты: Балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
2. Жұмыс уақытының кестесін құру.
3. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Балабақша басшысы Жұлдыз Ибрагимова құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының күнделікті іс әрекет жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарының жүйелігін айтты.


Екінші мәселе бойынша: Балабақша басшысы Жұлдыз Ибрагимова жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Топта оқу- тәрбие процесі өту үшін жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ойын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ, ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша: Балабақша басшысы Жұлдыз Ибрагимова топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс - әрекет кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген іс - әрекет кестесі бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілгенін айтты. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, физикалық қасиеттері бақыланды. Топ балаларының іс әрекетке деген қызығушылықтары жақсы. Жас ерекшеліктеріне сәйкес әрекетке бейімделген. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру жұмысы жалғасын тапсын.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақшаның шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Ұйымдастырылған іс - әрекет кестесі және күн тәртібі бойынша жұмыс жүргізу тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

Басшы:  Ж. Ибрагимова

Хатшы:  Ж. Алдабергенова



**ӨНДІРІСТІК - ӘКІМШІЛІК ЖИНАЛЫСТЫҢ
ХАТТАМАСЫ №2**

Күні: 14.11.2023ж

Қатысты: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- ✓ 1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы;
- ✓ Тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»;
- ✓ 25 қазан - Республика күніне арналған бағдарламажоспарымен танысу, бекіту;
- ✓ Жана жыл мерекесіне арналған бағдарламажоспарымен танысу, бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша басшысы Ибрагимова Жұлдыз өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен камтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

Екінші мәселе бойынша, басшысы Ибрагимова Жұлдыз «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету.

Аралас «Күншуақ», кіші «Балапан», ересек «Қызғалдақ» тексеру бойынша күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді. Тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда өрескел бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды. Дегенмен, ұйқы мен серуен кезінде анықталған кемшіліктерге тоқталды. Ұйқыдан тұрғызу кешіктірілгенін, кіші топтарда ерте ұйықтап қалатын балалар болғанын, ұйқыдан біртіндеп тұрғызуда ересек топта кеш ояту жағдайы анықталғанын айтып, балалармен ұйқыашар жаттығулар мен гигиеналық процедуралардың талапқа сай жүргізілу керектігін ескертті. Тәрбиешілер толық келісті.

Үшінші мәселе бойынша, 25 қазан - Республика күніне арналған бағдарлама таныстырылды. Бағдарлама балалардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту, елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеуге бағытталғанын айтты. Сонымен қатар, туған елге

деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сүю екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті. Тәрбиешілер толық келісім берді.

Үшінші мәселе бойынша, Жаңа жыл мерекесіне арналған бағдарлама таныстырылды. Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға силық силау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тәрбиешілер ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Басшы материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгіліктің уақыты нақтыланып, басшы толық келісім берді.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Күн тәртібінің орындалуын тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін. Анықталған ескертулер түзетілсін, орындалсын.
Жауапты: тәрбиешілер.
3. 25 қазан - Республика күніне бағдарлама жоспары бекітілсін.
4. Жаңа жыл мерекесіне арналған бағдарлама жоспары бекітілсін.

Басшы:

Хатшы:



Ибрагимова.Ж

Алдабергенова.Ж

ЖШС «Bal-Ayim2» бөбекжай-бақшасы
ӨНДІРІСТІК - ӘКІМШІЛІК ЖИНАЛЫСТЫҢ

ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 06.01.2024ж

Қатысты: балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы;
2. Табиғат бұрышы жұмыстарын ұйымдастыру, жабдықтау.
3. Тәрбиешілердің оқу - тәрбие процесінің барысы;
4. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу;
5. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Тыңдалды :

Бірінші мәселе бойынша, балабақша басшысы **Ибрагимова Жұлдыз** топтардағы табиғат бұрышының ұйымдастырылу жұмысының бақыланғанын айтты. Ондағы мақсаты топ балаларының табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу екенін айтты. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен кез келген режимдік сәтте табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалыну керек. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сұрту, түбін қопсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша басшысы **Ибрагимова Жұлдыз** топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті іс - әрекеттің жоспар бойынша уақыты ұйымдастырылып жүргенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері **Алдабергенова Жазира** 2024 – 2025оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналары мен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсат ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Тазалық-денсаулық кепілі» тақырыбындағы баяндамасын барлық топқа да оқығандығын айтты. Себебі,

күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан, күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина ектіру екендігін, оны жыл сайын ектіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминдерді беріп жүрулерін айтты.

Төртінші мәселе бойынша, күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Іс – әрекет барысында тәрбиешілердің күнделікті ойын барысы тексерілді. Серуен кезінде балаларды табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. Балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін ас берілгеннен кейін әртүрлі сюжеттік - рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары, балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты.

Шешімі:

1. Табиғат бұрышы жұмыстарын ұйымдастыру, жабдықтау жалғастырылысын.
2. Тәрбиешінің оқу - тәрбие жұмысының сапасы жандандырылсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу бағыттары нақтылансын.
4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыруға жауапты балабақша медбикесі болып табылсын.

Басшы:



Ибрагимова.Ж

Хатшы:

Алдабергенова.Ж